

۹۸۱۲۷۸

الببلي

الببلي

ӘЛІПБИ

Älīpbī

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындагы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастыруышылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық таныткан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

өріс алды. Осыған байланысты кітапты көшіріп жазуға машиқтанған көшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер пайда болды. Біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырда қамыстың орнына тері жарғақ қолданыла бастады. Ежелгі Рим мәдениеті мен ғылымы екілдерінің туындылары жарғақ кітаптарға жазылып тарап алды. 105 ж. қытай шебері Цай Лунь қағазды ойлан тауып, XIII ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа тарай бастады. Осыған орай, Еуропада қолжазба кітап түрінде қауырт өркендей, түрліше әріптегі, бас тақырыптар (айдарлар) қолданыла бастады. Кітап мұқабалары алтын, күміс т.б. металмен өрнектелді. XV ғасырдың ортасында неміс өнертапқышы Иоганн Гутенбергтің баспа қалыбын ойлан табуына байланысты, жылжымалы құйма қаріппен құйылатын баспа кітап пайда болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қағаз целлюлозадан жасала бастады. Алайда бұл қағаздағы баяу жануды тудыратын қышқыл оны біртіндеп ішінен жоятын болды. Кітаптарды сактау кезінде мұқабада және мәтінде химиялық өзгерістер болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Кітаптар тікелей күн сәулесінен, салқын, қараңғы белмеде, орташа ылғалдылықта жақсы сақталады. Үйде кітаптар, әдетте, кітап шкафтарында немесе сөрөлдерде сақталады. Соңғы онжылдықтарда оқырмандар үшін ежелгі кітаптардың электронды көшірмелері кеңінен қолданылып, түпнұсқасы ерекше жағдайларда сақталуда. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуымен электронды кітаптар кең қолданыс тауып отыр. Оларды компьютерден немесе арнайы құрылғылардан окуға болады. 2013 жылы электронды кітаптар сандық көрсеткіш бойынша кітап нарығының 30 %-н құраган.

Кіші сыйықша «--» – бір сөзді екінші сөзге тіркестіретін орында (*тосек-агаи, жүк-аяқ, құрт-құмырсақ, аяқ-табақ*) немесе сөздің бір белімін екінші беліміне тіркестіру керек болған орындарда қойылатын тыныс белгі (*жақсы-ақ-пысың? жалғыз-ғана-мысың?*). Бұл термин А.Байтұрсынұлы еңбегінде қолданылған.

Кіші тыныс «, » – 1) бұратана сөздердің бөлек шығару үшін қойылатын; 2) сыйысулы сөйлемдердің бірөңкей мүшелерінің арасына қойылатын; 3) бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айыру үшін қойылатын; 4) лепті сөйлемдерде одагайдан кейін қойылатын; 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылған орында қойылатын белгі, теріс үтір. Термин А.Байтұрсынұлы еңбегінде берілген.

Кішіазия әліп билері – Кіші Азияда б.з.д. X–VIII ғасырларда болған әліп билер тобы. К.ә. үндіеуропа тілдерінің анатолий тармағына жататын тілдерге арналған. Финикий әліпбійнен шықкан. К.ә. оңтүстік араб жазуының да ықпалы байқалады. Кейбір ғылыми болжамдарға қарағанда бұл әліп билердегі ұқсастыққа қарап, грек әліпбій К.ә. шықкан делінеді. Бұл әліп билерге карий, лидий, ликий, сидет әліп билері енеді.